Бекітемін
КМҚК «№140 бөбекжай-балабақша»
басшысы:
Ш.А.Мухаметрахимова

**МЕКТЕПЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**ОТРАҢҒЫ «ЖҰЛДЫЗ» ТОБЫ**

**Тәрбиешілер: Абдильдаева Р.К**
**Рысбекова Н.Ж.**

**Білім беру ұйымы:** КМҚК « №140 бөбекжай-балабақша»
**Топ:** «Жұлдыз» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы**: 3-4 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** қыркүйек айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қыркүйек** | ***Дене шынықтыру*** | Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. |
| | ***Сөйлеуді дамыту*** | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дағдыларды қалыптастыру:дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу;ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту |
| | ***Көркем әдебиет*** | Оқу, әңгімелеу.Балаларды ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету |
| | ***Математика негіздері*** | Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>- біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсетудағдыларын қалыптастыру. |
| | ***Қоршаған ортамен таныстыру*** | Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру.Ауа-райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу. |
| | ***Құрастыру*** | Құрылыс материалдарынан құрастыру.<br>- әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру дағдыларын қалыптастыру |
| | ***Сурет салу*** | Заттық сурет салу.Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру:<br>- көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн). |
| | ***Мүсіндеу*** | Заттық мүсіндеу: сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. |
| | ***Жапсыру*** | Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету;<br>бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау; |
| | ***Музыка*** | Музыка тыңдау.<br>- түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау және дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу дағдыларын қалыптастыру |
| | ***Қазақ тілі*** | төсек, кілем, есік, терезе сөздерін<br>қазақ тіліне тән дыбыстарды, сөздерді дұрыс айтуды.<br>сөздерді түсініп, саналы түрде есте сақтау дағдысын. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қазан | ***Дене шынықтыру*** | Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік, төзімділік, икемділік, шапшаңдық үйлесілімділікті дамыту. Жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыру; |
| | ***Сөйлеуді дамыту*** | өздігінен сөйлеуге сұранысын қалыптастыру;<br>– балалардың іс-әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуін дамыту;<br>– әдеби тілде сөйлеуін дамыту;<br>– дидактикалық және дамытушы ойындар мен жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорын байыту;<br>– сөз өнеріне баулу; |
| | ***Көркем әдебиет*** | ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға;<br>2) кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясын қабылдауға;<br>3) тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға;<br>4) кейіпкерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу. |
| | ***Математика негіздері*** | Мақсаты инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту және қоршаған ортаның біртұтастығы туралы білімдерін қалыптастыру болып табылады. |
| | ***Қоршаған ортамен таныстыру*** | Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Ауа-райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу. |
| | ***Құрастыру*** | Құрылыс материалдарынан құрастыру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру;<br>2) бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану; |
| | ***Сурет салу*** | бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;<br>қарапайым заттарды, құбылыстарды, ертегі кейіпкерлерінің пішінін, түстерін, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу біліктері мен дағдыларды қалыптастыру; |
| | ***Мүсіндеу*** | Заттық мүсіндеу: |

| | | |
|---|---|---|
| | | 1) сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;<br>2) алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру. |
| | ***Жапсыру*** | Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету;<br>2) бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау;<br>3) желімдеудің техникасы;<br>4) ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі;<br>5) желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу,<br>6) жаймадағы дайын пішіндерге жағу;<br>7) желім қалдықтарын жою үшін майлықты пайдалану. |
| | ***Музыка*** | Музыка тыңдау.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) түрлі қарқындағы музыканы тыңдау;<br>2) музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. |
| | ***Қазақ тілі*** | ойыншықтарды қазақша жеке, көпше түрде дұрыс атауға үйрету; сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алуға жаттықтыру; өткен сөздерді қайтала, бекіту. Ойыншықтарын таза ұстауға тәрбиелеу. *Текше, асық, қоян, піл, ал* сөздерін<br>қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алуды<br>ойыншықтарына ұқыпты қарау керек екенін |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қараша | ***Дене шынықтыру*** | Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Қолға және иық белдеуіне, денеге, аяққа арналған жаттығулар қолдарын жоғарыға және жанына көтеру, бір қолындағы затты алдына әкеліп, екінші қолына ауыстыру; қолдарын шапалақтау. Допты бір-біріне беру, аяқты өзіне қарай тарту, қалаш тәрізді дөңгелету, отырған, жатқан қалыпта екі аяқты созу, түрегеліп тұрған қалыптан солға, оңға, алға қарай еңкею. Отырып, аяқтың ішкі қырымен құм салынған қапшықты алу, екі аяғымен секіру. |
| | ***Сөйлеуді дамыту*** | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Дағдыларды қалыптастыру:<br>дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу;<br>2) дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту;<br>3) артикуляциялық аппаратты дамыту. |
| | ***Көркем әдебиет*** | әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді;<br>бейнелі сөздерді қолданады;<br>таныс ертегілерді сахналауға қатысады; |
| | ***Математика негіздері*** | қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру;<br>командада жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру;<br>көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту; |
| | ***Қоршаған ортамен таныстыру*** | Өсімдіктер әлемі.<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері, көкөністері мен жемістері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; бөлме өсімдіктерінің түрлері (шегіргүл, қазтамақ, бегония және тағы басқа), олардың ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру. |
| | ***Құрастыру*** | ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру;<br>көп түсті құрылым құрастыру;<br>үлгі бойынша құрастыру;<br>қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып, қағаз беттерін көлемді пішіндерге түрлендіру. |
| | ***Сурет салу*** | балаларды тұтас қағаз парағына бейнелерді орналастыруға үйрету;<br>көз-қол үйлесімін дамыту;<br>балалардың өнімді іс-әрекетінің түрлерін дамыту; |

| | | |
|---|---|---|
| | | өнер туындыларымен, халық ойыншықтарымен, қазақ және басқа халықтардың сәндік-қолданбалы өнер туындыларымен таныстыруды жалғастыру; |
| | ***Мүсіндеу*** | сазбалшықтың, ермексаздың және қамырдың кейбір қасиеттерін біледі;<br>мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады;<br>1-3 бөліктен тұратын заттарды жая алады;<br>мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдылар мен біліктерді игерген. |
| | ***Жапсыру*** | желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген;<br>бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады;<br>ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастырады және желімдейді; |
| | ***Музыка*** | Ән айту.<br>Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салу, дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату (октава шегінде), әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру. |
| | ***Қазақ тілі*** | сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру; сөздерді түсініп, дұрыс айтуға жаттықтыру; түстерді қайталату, бекіту; сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру. Табиғат сұлулығын көре білуге, сүюге тәрбиелеу. күз, салқын,қолшатыр, жыл мезгілі сөздерін<br>сұраққа толық жауап беру дағдысын.<br>күз белгісін біліп, түсініп айтуды. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Желтоқсан | ***Дене шынықтыру*** | Секіру. Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру;<br>Лақтыру, тастау, қағып алу. Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, қақпадан асыра лақтыру, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын қалыптастыру. Көлденең нысанаға, алысқа, тура нысанға лақтыру; |
| | ***Сөйлеуді дамыту*** | Сөздік қор:<br>1) ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту;<br>2) заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету;<br>3) балалардың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту;<br>4) жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыру (ойыншықтар, киімдер, аяқкиімдер, ыдыстар, жиһаздар). |
| | ***Көркем әдебиет*** | әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін сақтайды;<br>– сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады;<br>– тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп айтады. |
| | ***Математика негіздері*** | Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету;<br>2) бөлмедегі заттарды ажырату және олардың санын анықтау;<br>3) заттарды салыстыру;<br>4) заттардың бір тобын екіншісіне бірізділікпен беттестіру және қосу;<br>5) заттарды бір қатарға, реті бойынша, бір бағытта солдан оңға қарай оң қолымен орналастыру. |
| | ***Қоршаған ортамен таныстыру*** | 1) туған өлкенің кейбір өсімдіктері, көкөністері мен жемістері туралы түсініктерін қалыптастыру; 2- 3 ағаштардың түрлерін танып, атауға үйрету;<br>2) бөлме өсімдіктерінің түрлері, олардың ерекшеліктері;<br>3) табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын, өсімдіктерге сүйіспеншілікпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. |
| | ***Құрастыру*** | әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыра біледі;<br>құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды; өзі құраған құрылысын қуыршақтың, ойыншықтардың өлшемдерімен үйлестіреді; |

| | | |
|---|---|---|
| | | сюжеттік ойын міндеттерін пайдалана отырып, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан заттар құрастыра алады;<br>түрлі тәсілдерді пайдаланып, қағаз беттерін түрлендіреді. |
| | ***Сурет салу*** | Заттық сурет салу.<br>Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру:<br>1) көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн); |
| | ***Мүсіндеу*** | Заттық мүсіндеу:<br>1) бірнеше бөліктен тұратын күрделі емес заттарды, жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылығын тудыру.<br>2) табиғи материалдан мүсіндеу дағдыларын бекіту. |
| | ***Жапсыру*** | оюдың әсемдігін, орналасуын байқайды, оларды бөліктерге бөледі;<br>желім қалдықтарын жою үшін майлықты пайдаланады. |
| | ***Музыка*** | Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату;<br>2) ойындарға, хор айтуға қатысу, таныс би қимылдарын қайталай білу. |
| | ***Қазақ тілі*** | Жаңа сөздерді үйрету; көкөністің түстерін ажыратып дұрыс атай білуге жаттықтыру; қазақ тіліне тән дыбыстарды анық, дұрыс айтуға дағдыландыру; мәдениетті сөйлеуге тәрбиелеу. Тіл үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру. *қияр, қызанақ, сәбіз, көкөніс* сөздерін<br>қазақ тіліне тән дыбыстарды анық, дұрыс айту дағдысын.<br>көкөністің түстерін ажыратып дұрыс айтуды. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қаңтар** | ***Дене шынықтыру*** | Еңбектеу, өрмелеу. Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша", арасы алшақтанған заттар арасымен, еденге қойылған тақта бетімен, 40 см биіктіктегі доғамен, арқанмен, еңіс тақта бойымен, бөрене арқылы орындық аяқтары арасымен еңбектеу дағдыларын қалыптастыру;<br>Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен, еңіс тақта бойымен (20-30 см) жүру дағдыларын қалыптастыру;<br>Сапқа қайта тұру. Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топтармен және барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру (тәрбиешінің көмегімен, бағдар бойынша). |
| | ***Сөйлеуді дамыту*** | сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру,<br>2) зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану;<br>3) сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану. |
| | ***Көркем әдебиет*** | Сөздік қор.<br>Дағдыларды:<br>1) ойыншықтардың, кейбір тұрмыстық заттардың, көкөністер мен жемістердің, жануарлардың атауларын түсінуді және қабылдауды;<br>2) тәрбиешінің өтінішін орындауды, балалардың сөздік қорын одан әрі кеңейтуді және орыс тіліндегі сөздердің дұрыс айтылуын;<br>3) жақын ортадағы кейбір заттарды атай білуді қалыптастыру. |
| | ***Математика негіздері*** | Шама.<br>Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру;<br>2) биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру. |
| | ***Қоршаған ортамен таныстыру*** | Жануарлар әлемі.<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру; табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. |
| | ***Құрастыру*** | құрылыс материалдарынан құрастыру;<br>2) құрылыс материалының негізгі бөлшектері, олардың бөлшектері туралы білімді қалыптастыру, оларды түсі, шамасы бойынша тану. Сюжеті бойынша біріктіру және ойнау арқылы құрылыс салу кезінде шығармашылық қиялды қалыптастыру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 3) қағаздан құрастыру. Қағаз беттерін көлемді пішіндерге өзгертуге үйрету. |
| | ***Сурет салу*** | бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал); салынған пішіндерді бояуды, дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі- түсті борлармен) дағдыларын қалыптастыру.<br>Сәндік сурет салу.<br>Элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру. |
| | ***Мүсіндеу*** | Сюжеттік мүсіндеу.<br>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Сәндік мүсіндеу.<br>Әшекей заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Өз ойынан мүсін құрау. Ересектің көмегімен шығармашылық ойлауды дамыту. |
| | ***Жапсыру*** | Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) заттардың орналасу, олардың арасында арақашықтықтың сақталу заңдылығы;<br>2) түрлі пішіндегі қазақ оюының кейбір элементтерін қағазға орналастыру;<br>3) желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану;<br>4) табиғи материалмен жұмыс істеу, олардан зат жасау;<br>5) қағаздың мүмкіндіктері туралы түсініктерді жетілдіру: жыртылады, мыжылады, оңай мыжылады. |
| | ***Музыка*** | музыканы тыңдау дағдысын меңгерген;<br>музыкалық шығарманың қарқынын ажыратады; |
| | ***Қазақ тілі*** | Сөздік қорларын молайту; қазақ тіліне тән дыбыстарды айыра білуге жаттықтыру. Сөздерді сөз тіркесімен айту дағдысын қалыптастыру. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. *жеміс, алмұрт, алма, шие, жүзім, өрік* сөздерін<br>сөздерді сөз тіркесімен айту дағдысын.<br>сөздерді саналы түрде естеріне сақтауды. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Ақпан | ***Дене шынықтыру*** | жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындай алады;<br>негізгі қимыл түрлерін орындайды;<br>биік емес төбешіктен сырғанайды, бір-бірін сырғанатады;<br>үш дөңгелекті велосипедті тебудің дағдыларын меңгерген;<br>өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына, салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие;бірлескен қимылды ойындарға қатысады. |
| | ***Сөйлеуді дамыту*** | суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу;<br>2) шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау;<br>3) ересектердің сөзін тыңдау және түсіну;<br>4) сөйлеу әдебінің сәйкес түрлерін дұрыс қолдану;<br>5) ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білу;<br>6) кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану;<br>7) сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылыққа, назар аударуға тәрбиелеу;<br>8) таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. |
| | ***Көркем әдебиет*** | Заттардың көлемін, түсін, олармен әрекет жасауды білдіретін сөздерді үйрету, сөз тіркестерін түсіну және оларды байланыстыру әдісімен (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) құрастыруды үйрету.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Жай сөйлемдерді:<br>1) қарапайым сұрақтарды түсіну және оларға қысқа сөйлем түрінде дұрыс жауап берумен;<br>2) балалардың қысқа тақпақтар мен әндерді есте сақтауы жолымен құрастыру.<br>Байланыстырып сөйлеуді және сөйлеу кезінде сөздерге дұрыс екпін қоя білуді дамыту. |
| | ***Математика негіздері*** | Геометриялық пішіндер. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) геометриялық пішіндерді тану және атау;<br>2) пішін түрлерін зерттеу. |
| | ***Қоршаған ортамен таныстыру*** | табиғаттағы және ауа райындағы қарапайым өзгерістерді байқайды.<br>туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы ұғымдарды игерген;<br>кейбір көкөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады және атайды; |

| | | |
|---|---|---|
| | | құстардың мінез-құлқындағы ерекшеліктерге назар аударады;<br>үй және жабайы жануарларды, құстарды, жәндіктерді атайды;<br>табиғатқа қамқорлық танытады. |
| | ***Құрастыру*** | құрылыс материалдарының бөліктерін біледі және атайды, оларды түрлі тәсілдермен орналастырады;<br>түсі және көлемі бойынша ажырата алады;<br>қарапайым құрылыстарды құрастырады;<br>түрлі құрастыру тәсілдерін қолдана отырып, қағаз парағын түрлендіреді. |
| | ***Сурет салу*** | Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу.<br>Қоршаған әлемнің, өнер туындыларының әсемдігіне, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа ұлттардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.<br>Қарапайым табиғат құбылыстарын, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге баулу. |
| | ***Мүсіндеу*** | сазбалшықтан, ермексаздан, қамырдан мүсіндеуге қызығушылық танытады;<br>алақанға салып тік және дөңгелетіп есе біледі;<br>мүсіндеудің түрлі әдістерін қолданып, 1-3 бөліктерден тұратын түрлі заттарды мүсіндей алады (аққала, поезд, шарбақ, моншақ,сырға). |
| | ***Жапсыру*** | Сюжеттік жапсыру.<br>Балаларды жалпы композиция құрастыруға үйрету. |
| | ***Музыка*** | әуеннің басталуы мен аяқталуына мән береді;<br>бір-біреуден, жұптаса ауыса отырып, би қимылдарын орындайды, жануарлардың қимылдарын ұқсатады;<br>балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажыратады және атайды;<br>музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды. |
| | ***Қазақ тілі*** | Отбасы мүшелерін атай алуға, «ә» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.<br>*ата, әже, әке, ана, аға, ұл, қыз* сөздерін<br>дыбысты, сөзді дұрыс айту дағдысын.<br>отбасымен тату, сыйластықта болу керек екенін. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Наурыз** | ***Дене шынықтыру*** | Жалпы дамытушы жаттығулар: қолға және иық белдеуіне, денеге, аяққа арналған жаттығулар: қолдарын жоғары, екі жаққа созып көтеру; затты бір қолдан екінші қолға алдыңғы жақтан, арқа жақтан, бастан жоғары жақтан ауыстыру; қолды алға созып, бастан жоғары көтеріп, артқа шапалақтау. Допты бір-біріне бастан асыра беру (алға-артқа), шалқасынан жатып, екі аяғын бірге көтеру, түсіру, велосипед теуіп келе жатқандай аяқтарын қимылдату, түрегеліп тұрып солға, оңға, алға, артқа еңкею, шалқасынан етпетіне аунап түсу және керісінше. Қатарынан 2-3 рет жартылай отырып-тұру, қолды алға созып, қолды тізеге таянып отырып-тұру, тізеден бүгілген аяқты кезек-кезек көтеру; жерге отырып, құм салынған қапшықты табанмен қармау, екі аяқпен секіру. |
| | ***Сөйлеуді дамыту*** | Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтады;<br>дұрыс сөйлеу қарқынына ие;<br>қоршаған ортаға қатысты түрлі сұрақтарға жауап береді;<br>барлық сөз таптарын қолданады;<br>қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады;<br>сөздерді жекеше, көпше түрде және септік жалғауларын қолданады. |
| | ***Көркем әдебиет*** | айтылған сөзді тыңдайды және түсінеді;<br>– жай сөйлемдерді құрастыра алады;<br>– сөйлеу тілінде зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолданады;<br>– ертегілерді ойын түрінде көрсету кезінде қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады; |
| | ***Математика негіздері*** | Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.<br>2) өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және атау |
| | ***Қоршаған ортамен таныстыру*** | Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары.<br>Өсімдіктер әлемі:<br>1) туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым ұғымдарды қалыптастыру. Ағаштарды, дала гүлдерін, кейбір көкөністер мен жемістерді, бөлме өсімдіктерін тану және атау, өсімдіктердің бөліктерін тану дағдыларын қалыптастыру. Жуаны, гүлдерді және тағы басқа тұқымдарды (шырайгүл, барқытгүл) себуді және отырғызуды бақылау;<br>2) бөлме өсімдіктерінің түрлері (шегіргүл, қазтамақ, бегония) олардың ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Құрастыру*** | - құрылыс материалдарының бөліктерін біледі және атайды, оларды түрлі тәсілдермен орналастырады;<br>- түсі және көлемі бойынша ажырата алады;<br>- қарапайым құрылыстарды құрастырады;<br>- түрлі құрастыру тәсілдерін қолдана отырып, қағаз парағын түрлендіреді. |
| | ***Сурет салу*** | сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие;<br>сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі;<br>негізгі түстерді дұрыс атайды;<br>қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды, қағаз бетіне бейнені тұтас орналастыра алады;<br>пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген; сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады. |
| | ***Мүсіндеу*** | Сәндік мүсіндеу.<br>Әшекей заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Өз ойынан мүсін құрау. Ересектің көмегімен шығармашылық ойлауды дамыту. |
| | ***Жапсыру*** | Сәндік жапсыру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) ересектер дайындаған ірі және өте ұсақ ою элементтерін орналастыру және жапсыру;<br>2) шаршының ортасына, бұрыштарына қазақ ою өрнектерін жапсыру;<br>3) пішінін, түсі мен көлемін, ескере отырып, заттар мен ою-өрнектерді орналастыру;<br>4) геометриялық элементтерден өрнек құрастыруға үйрету. |
| | ***Музыка*** | Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру;<br>2) марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен беру;<br>3) жүрелеп отыруды ырғақты орындаумен, қимылды музыкамен сәйкестендіру, музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгерту;<br>4) музыканың ырғағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен еркін және жеңіл секіру.<br>Билер. |
| | ***Қазақ тілі*** | Тақырып бойынша жаңа сөздермен таныстыру; өз Отанын, қаласын, астананы дұрыс айтуға үйрету. Ойлау, зейін қойып тыңдау қабілеттерін дамыту, Отанына деген жылы сезімдерін ояту. *Отан, қала, Астана, үй, әсем* сөздерін<br>өз Отанын, қаласын, астананы дұрыс айтуды.<br>өз Отанын сыйлау, сүю керек екенін. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Сәуір | ***Дене шынықтыру*** | Домалату, лақтыру, қағып алу. Көлденең нысанаға, алысқа лақтыру, тура нысанға оң және сол қолмен тік нысанаға көздеп лақтыру, допты тәрбиешіден 1–1,5 метр арақашықтықта лақтыру, үлкен допты екі қолмен арқаннан, тордан өткізе лақтыру дағдыларын қалыптастыру;<br>Еңбектеу, өрмелеу. Еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеу, доғаның астымен өрмелеу, гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын қалыптастыру;<br>Тепе-теңдікті сақтау.Тура жолмен,тақтай бойымен, арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; |
| | ***Сөйлеуді дамыту*** | сөйлеу әдебінің сәйкес түрлерін дұрыс қолдану;<br>1) ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білу;<br>2) кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану;<br>3) сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылыққа, назар аударуға тәрбиелеу;<br>4) таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту |
| | ***Көркем әдебиет*** | бейнелі сөздерді тыңдайды, түсінеді, есте сақтайды;<br>– ересектердің көмегімен шағын тақпақтар мен өлеңдерді жатқа айтады, мазмұнына өзінің көзқарасын жеткізе алады;<br>–заттардың сапасын, белгілерін, айырмашылықтарын орыс тілінде айта біледі;<br>– қарапайым сұрақтарды түсінеді және оларға қазақ тілінде қысқа сөйлемдермен дұрыс жауап бере алады. |
| | ***Математика негіздері*** | Уақытты бағдарлау.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. |
| | ***Қоршаған ортамен таныстыру*** | Жануарлар әлемі.<br>1) үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерді бекіту;<br>2) жабайы жануарлар, өздеріне таныс жануарлардың сыртқы ерекшеліктері туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:<br>1) қыс және көктем мезгілінде ауа райының жағдайларын бақылау және анықтай білуді жетілдіру;<br>2) жаз мезгілінің кейбір сипаттық ерекшеліктері жайлы білімді жетілдіру. |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Құрастыру*** | 2) құрылыс материалының негізгі бөлшектері, олардың бөлшектері туралы білімді қалыптастыру, оларды түсі, шамасы бойынша тану. Сюжеті бойынша біріктіру және ойнау арқылы құрылыс салу кезінде шығармашылық қиялды қалыптастыру;<br>3) қағаздан құрастыру. Қағаз беттерін көлемді пішіндерге өзгертуге үйрету. |
| | ***Сурет салу*** | Заттық сурет салу.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) төртбұрышты пішіндегі заттарды бейнелеу, оларды дөңгелек пішіндегілермен үйлестіру;<br>2) бірнеше тік және көлденең сызықтардан заттарды салу (дуал, ағаш);<br>3) жануарлардың суретін салу дағдыларын жетілдіру;<br>4) салынған пішіндерін бояуды (штрихтау, мақталы таяқшаларымен бояу);<br>5) дәстүрден тыс сурет салуды (құмда саусақпен немесе таяқшамен, алақандарымен, асфальтта түрлі-түсті борлармен) салуды. |
| | ***Мүсіндеу*** | төртбұрышты пішіндегі заттарды, оларды дөңгелек пішіндегі бейнелермен сәйкестендіріп бейнелей алады;<br>күрделі емес сюжеттік композициялар құрастыра біледі; |
| | ***Жапсыру*** | бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерген;<br>қағаздың қасиеттері жайлы біледі;<br>белгілі ретпен түрлі пішінді, көлемді түстегі бөліктерді орналастырып, дайын бейнені қағазға жапсыра біледі;<br>ересектер дайындаған түрлі пішінді қағаз бетіне заттарды орналастырады; |
| | ***Музыка*** | Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын, билерді, ойындарды есте сақтау. |
| | ***Қазақ тілі*** | Сөздік қорларына жаңа сөз енгізу; қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алу дағдыларын дамыту.<br>Есте сақтау қабілеттерін жетілдіру**:** *құлақшын, тон, қолғап, етік* сөздерін<br>қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алу дағдысын.<br>сөздерді түсініп, есте сақтау керек екенін. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Мамыр** | ***Дене шынықтыру*** | Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күн сайын таза ауада болуын қамтамасыз ету.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) мәдени-гигиеналық шараларды орындау;<br>2) ересектердің көмегімен шынығу тәсілдерін орындау. |
| | ***Сөйлеуді дамыту*** | суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу;<br>2) шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау;<br>3) ересектердің сөзін тыңдау және түсіну; |
| | ***Көркем әдебиет*** | Оқу, әңгімелеу.<br>Балаларды:<br>1) оқиғаны эмоционалды қабылдауға;<br>2) кейіпкерлерге жанашырлық танытуға;<br>3) шығарма жанрларын (тақпақ, ертегі, әңгіме және тағы басқа) ажыратуға;<br>4) суреттер бойынша таныс шығармаларды тануға, сұрақтарға жауап беруге;<br>5) мәнерлі, мағыналы, эмоционалды түрде жатқа айтуға үйрету. |
| | ***Математика негіздері*** | бір затты топтан бөледі және топтарға біріктіре алады;<br>біртекті заттарды құрастырады және бөліп алады;<br>заттарды қатарға реті, шамасы бойынша оң қолымен солдан оңға қарай қояды;<br>екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы мен ені, биіктігі бойынша беттестіру және тұстастыру арқылы салыстырады;<br>геометриялық пішіндерді таниды және атайды: дөңгелек, шаршы, үшбұрыш; өзіне қатысты кеңістікті бағдарлай алады;<br>тәулік бөліктерін – таңертең, күндіз, кеш, түнді таниды және атайды. |
| | ***Қоршаған ортамен таныстыру*** | табиғаттың сипаттық маусымдық өзгерістерін анықтайды және атайды;<br>туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы ұғымдарға ие;<br>таныс ағаштарды, бөлме өсімдіктерін, көкөністер мен жемістердің<br>3-4 түрін таниды және атайды; |

| | | |
|---|---|---|
| | | құстарды, жәндіктерді, үй және жабайы жануарларды, олардың төлдерін өздеріне тән белгілері бойынша атайды және ажыратады;<br>құмның, судың, қардың қасиеттерін біледі;<br>табиғатта өзін ұстаудың ережелері туралы ұғымдарды игерген. |
| | ***Құрастыру*** | құрылыс материалдарының бөліктерін біледі және атайды, оларды түрлі тәсілдермен орналастырады;<br>түсі және көлемі бойынша ажырата алады;<br>қарапайым құрылыстарды құрастырады;<br>түрлі құрастыру тәсілдерін қолдана отырып, қағаз парағын түрлендіреді. |
| | ***Сурет салу*** | Сәндік сурет салу.<br>Бейнелеу әрекетіне, халық шығармашылығының туындыларына деген қызығушылықты тәрбиелеу. Қазақ ою-өрнектері элементтерінің суретін салу дағдыларын бекіту. Қазақ мәдениетінің тұрмыстық заттарымен таныстыру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) түстерді тану мен ажырату: қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ;<br>2) бормен асфальтқа, таяқпен құмға сурет салу, жолақта және бұрыштарға қазақ ою-өрнектерінің қос элементін салу.<br>Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу. |
| | ***Мүсіндеу*** | сазбалшықтан, ермексаздан, қамырдан мүсіндеуге қызығушылық танытады;<br>алақанға салып тік және дөңгелетіп есе біледі;<br>мүсіндеудің түрлі әдістерін қолданып, 1-3 бөліктерден тұратын түрлі заттарды мүсіндей алады (аққала, поезд, шарбақ, моншақ,сырға) |
| | ***Жапсыру*** | дайын пішіндерден қарапайым композицияларды құрастыруға қатысады;<br>ұқыпты жұмыс жасай алады: желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты пайдаланады. |
| | ***Музыка*** | Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету, хор айтуды шеңбер бойымен жүргізу, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу, халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату, үлкен шеңберге және шашырап тұру. |
| | ***Қазақ тілі*** | Сөздік қорларын кеңейту, сөздерді байланыстырып сөйлеу, зейін қойып тыңдау дағдыларын қалыптастыру. **:** *тәрелке, кастрөл, қасық, күрішке, шаңышқы* сөздерін<br>зейін қойып тыңдау дағдыларын.<br>ыдыстарды көрсетіп, дұрыс атайды |